Облыстық білім басқармасының
2024 жылғы «06» тамыздағы

№ 380 бұйрығына
№2 қосымша

Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт»

үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық
бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ

ӨҢІРЛІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.
** Ұсынылған жоспарға сәйкес куратор сағаттарының, колледжішілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.
***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, куратор сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.
**** Апта сайынғы әр кураторлық сағат соңында немесе басында **10 минут қауіпсіздік** сабақтарына арналады.
⚓ - Білім беру ұйымының іс-шаралар жоспарына міндетті түрде қосылуы қажет.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
	Күнделікті атқарылатын іс-шаралар			
1	**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау	Үзіліс кезінде	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	Күнделікті жыл бойы
	Апта сайын атқарылатын іс-шаралар			
1	**«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет	**Апта сайын**	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор,	Жыл бойы

	ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады. **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу		колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)*	Айына 1 рет
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	**«Birgemiz: Qamqor»** акциясы *(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы*	Акция	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	Жыл бойы
2	**«Birgemiz: Taza Álem»** акциясы *(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы*	Акция	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	Жыл бойы
3	**«Мейірімділік ошағы»** акциясы *(күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау*	Акция	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог,	Жыл бойы

	көрсету) «Қамқор» жобасыаясында		жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	
4	Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары	Жоспарға сәйкес	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	Жыл бойы
5	«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Акция	Колледж директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог ұйымдастырушы, психологтар, әлеуметтік педагог, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы және т.б.	Жыл бойы
ҚЫРКҮЙЕК - ЕҢБЕККОРЛЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК1 қыркүйек – «Білім күні» **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жылы				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына *(Мұзафар Әлімбаев)*				
1	**1 қыркүйек – Білім күні** 1. **«Білім күні. Бейбітшілік күні!»** Білім күніне арналған салтанатты жиын; **2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері»** 1 курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат; 3. Ата-аналар жиналысы 1 курс студентінің ата-аналары (1-4 апта аралығында) 4. **«Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!»** тәрбие сағаттары *(2, 3, 4 курстар)*	Іс-шаралар жоспары, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау хаттамалар	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта

2	**Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу:** 1. «Тіл достық көпірі» кураторлық сағаты; 2.«Тілім менің – мерейім!» бірыңғай диктант 3. «Білім бұлағы-кітапхана» *(«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, әдіскер, пәндер оқытушылары	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
3	**Отбасы күніне арналған шаралар:** 1. **«Отбасы – сүйіспеншіліктің бастау көзі»** кураторлық сағат; 2. «Репродуктивті денсаулық» қыздар кеңесі 3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының дәрісі 4. Кураторларға арналған әдістемелік сағат; а) Кураторлық кеңес отырысы ә) «Отбасым – менің мерейім» ұлттық құндылықтар студенттер көзімен **психологиялық тренинг;** 6. «Менің отбасым – менің байлығым! «Өнегелі 15 мин» сурет көрмесі *(Челлендж «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, бөлім меңгерушілері, клуб жетекшісі, әдіскер, психолог, кітапханашы, педагог-ұйымдастырушы	2-апта
4	**«Колледж әлеміне алғашқы қадам: Сенің жаңа жолың»** 1 курс білім алушыларына арналған тренинг	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар психолог, әлеуметтік педагог	2 апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! *(Абай)*				
5	**«Абайдың мұрасы – Ұрпаққа аманат»** кураторлық сағат Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жылы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
6	**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу *(«алдын алу шаралары»)*	Әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары, анықтамалары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дене шынықтыру оқытушылары	3-апта

7	Білім беру ұйымдарында салалық мамандардың оқушылармен және студенттермен нашақорлық профилактикасы бойынша кездесулерін өткізу, Есірткіге қарсы бағыттағы әлеуметтік жарнаманы дайындау және көшелерде, басқа да қоғамдық орындарда орналастыру *(алдын алу шаралары)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
8	**«Заң және тәртіп»** Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу *(алдын алу шаралары)* **«Ойынға салауатты көзқарас»** салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. *(1-2 курс білім алушыларымен алдын алу шаралары)*	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
9	**«Сенім. Тірек. Қоршаған орта» жобасы** білім беру ұйымдарында педагогикалық-психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету *(мобильді орталықтарының жұмысын үйлестіру)*	Бұйрық, жоспар	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, психолог.	3-апта
10	Студенттік Парламет жұмысын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау, жоспарға сәйкес жұмыстарды атқару	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ЖІЖК	3-апта Жыл бойы
11	Бұқаралық ақпарат құралдарында балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу бағытында кең ауқымды түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізу *(Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған аймақтық жол картасы аясында)*	Бұқаралақ ақпарат құралдарында жариялым	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	2023-2029 жж.
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы *(Абай)*				

12	**Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы:** 1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2.Ақтөбе облысы бойынша баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбею мәселелерін шешу жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспары негізінде ішкі істер департаментінің, денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, ардагер ұстаздардың, қамқоршылық кеңесінің қатысуымен ата-аналар жиналысына төмендегі тақырыптарды енгізу - Суицидтің алдын алу; - Бала психологиясының қалыптасуындағы әке-ана рөлі; - Медиапсихология ерекшеліктері және кибербуллингті алдын алу жолдары; - Зорлық-зомбылықтың алдын алу	Хаттама	Колледж әкімшілігі, кураторлар, психолог	4-апта
13	Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары аясында **экологиялық шаралар**	Жоспарға сәйкес	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	Жыл бойы жоспар негізінде
14	**«Birgemiz: Qamqor»** акциясы *(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету)*	Акция	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
15	**«Birgemiz: Taza Álem»** акциясы *(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)*	Акция	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
16	**«Еріктілер-қоғамның қозғаушы қуаты»** еріктілер тобымен жиналыстар өткізу	Отырыс хатамасы	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Тоқсан сайын
17	Зиянды әдеттердің *(темекі,есірткі,ішімдік, психтропты зат)* адам ағзасына зияны жөнінде білім алушыларға дәріс оқу жұмыстарын ұйымдастыру	Дәріс	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, колледж мейірбикесі	Тоқсан сайын
ҚАЗАН - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні				

5 қазан – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				
18	**Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар:** 1. Қарттар күніне байланысты тақырыптық куратор сағаттары. 2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Қоғамға қызмет ету» тақырыптарында волонтерлық акция *(«Қамқор» жобасы аясында)* 3. «Даналық дәрісі: өмір жолынан сыр» *қарттардың өмірлік тәжірибелерімен, даналық кеңестерімен бөлісетін кездесулер, пікірталастар ұйымдастыру.*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	1-апта
19	**«Шәкірт жүрегінен шыққан алғыс»** *білім алушылардың өз ұстаздарына арнаған шығармашылық жұмыстары (өлеңдер, әндер, эсселер) ұсынылатын кеш.* Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі *(«Шабыт» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
20	**«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады»** дебат *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін -өзі басқару ұйымы	2-апта
21	**11 қазан — Халықаралық қыздар күні.** Ерте жүктіліктің алдын алу *(алдын алу шаралары)*	Дәрігерлермен кездесу, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор, мейірбике	2-апта
22	**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясы колледж ауласын тазалау *(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, өзін-өзі басқару ұйымы	2-апта
23	Жаңа ортаға бейімдеуге байланысты іс-шаралар, психологиялық зерттеулер жүргізу	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар,	2-апта

		жариялау	өзін-өзі басқару ұйымы, психолог	
24	«Өндіріс циклінің сықыры: Шикізаттан дайын өнімге дейін» (*кәсіпорынның негізгі өндіріс процесін, шикізаттың қалай өңделетінін және дайын өнімге айналу кезеңдерін көрсету)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие, өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, өндірістік оқыту шеберлері	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
25	**«Кибер қауіпсіздік: Өзіңді дроппер алаяқтығынан қалай қорғауға болады?»** құқықтық сағат 1-2 курстар *(«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында)*	Жұмыс жоспары, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы	3-апта
26	**«Күзгі асар»** қолөнер бұйымдарынан көрме жасау *(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау,жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
27	Ақтөбе облысында кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасын орындау	Әлеуметтік желілерде жариялау,жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөлімінің қызметкерлері, кураторлар, әдіскер, педагикалық-инженерлік кадрлар	3-апта
28	Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу *(алдын алу шаралары)*	Хаттама	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отаным – алтын бесігім!				
29	**«Менің Қазақстаным – менің болашағым»** Республика күніне арналған салтанатты шара	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
30	**«Мамандықтың қыр-сыры»** өндірістік шеберлердің шеберлік сабақтары *(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың өндірістік оқыту және оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары кураторлар, арнайы пән оқытушылары	4-апта
31	**«Әдептілік – әдемілік белгісі: адамгершілік негіздері», «Буллингтің алтын алу» тақырыптарында** тренинг *(алдын алу шаралары)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар,психолог	4-апта

ҚАРАША -ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК **15 қараша** – Ұлттық валюта – теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
32	Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
33	**«Кітап – сарқылмас рухани»** әдеби кейс *(«Балалар кітапханасы» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар Қазақ және орыс тілі пәндерінің оқытушылары	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тура биде туған жоқ!				
34	**Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл** кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
35	Бүкіләлемдік Бала күніне орай **«Бала құқығы- адам құқығы»** шара өткізу *(Ақтөбе облысы бойынша баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбею мәселелерін шешу жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспары аясында)*	ақпарат	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөлімінің қызметкерлері, кураторлар, әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	2-апта
36	Колледж студенттері арасында **«Нашақорлық қоғам дерті ме?»** пікірсайыс турнирін ұйымдастыру *(Нашақорлықтың алдын алу бойынша 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша) Басқарма жоспарымен салыстыру*	пікірсайыс	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөдімінің қызметкерлері, кураторлар,әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
37	Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта

38	**«Мамандықтар әлемі: Еңбекке арналған әндер»:** әртүрлі мамандықтардың маңыздылығын, еңбектің қадірін көрсететін әндер байқауы *(«Шабыт»жобасы аясында)*	Сценарий, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жастар ісі жөніндегі инспектор, кураторлар	3-апта
39	**Интеллектуалдық ойын** *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Ұшқыр ой алаңының жеткешісі	3-апта
40	**Халықаралық студенттер күніне орай өткізілетін шаралар:** 1. Өзін өзі басқару күні; 2. «Спорт – бақытқа бастар жол» *(алдын алу шаралары)* 3. **«Студенттік өмір – жарқын сәттер кезеңі»** студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!				
41	Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
42	**«World skills» чемпионатының қатысушыларына тимбилдинг** *(«SMART BALA» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие, өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, арнайы пән оқытушылары, психолог	4-апта
43	**«Өмірге салауатты қадам»** нарколог дәрігерлермен кездесу *(алдын алу шаралары)*	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, әлеуметтік педагог, учаскелік инспектор, нарколог-дәрігерлер	4-апта
44	**«СПИД – қасірет қақпаны»** Дүниежүзілік ЖИТС-пен күресу күніне орай медицина саласының қызметкерлерімен кездесу *(алдын алу шаралары)*	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, емхананың медициналық қызметкерлері	4-апта
ЖЕЛТОҚСАН - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні				

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлігі күшті ел озады				
45	Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
46	**«Мен оқып шықтым, сізге де оқуға кеңес беремін»** библио-жарыс *(«Балалар кітапханасы» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, пән оқытушылары, кітапханашы	1-апта
47	Зиянды әдеттердің *(темекі, есірткі, ішімдік, психтропты зат)* адам ағзасына зияны жөнінде білім алушыларға дәріс оқу жұмыстарын ұйымдастыру	Дәріс	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, емхананың медициналық қызметкерлері	Тоқсан сайын
48	Студенттер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақтарды тоқсан сайын өткізу *(Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі өңірлік жол картасы аясында)*	ақпарат	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	Тоқсан сайын
49	**Академиялық адалдық**	Әлеуметтік желілерге жадынама жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, медиа қызмет.	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді				
50	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай **«Адалдық – адамгершілік белгісі»** дебат *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында) (Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған аймақтық жол картасы аясында кездесулер және акциялар өткізу)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, тарих, тілдер пәнінің оқытушылары, өзін - өзі басқару ұйымы	2-апта
51	**Тәуелсіздік күніне арналған шаралар: «Елімнің тағдырын тербеткен Тәуелсіздік!»** кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірлеме, Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы, қазақ және	2-апта

			орыс тілі пәндерінің оқытушылары	
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлік болмай тірлік болмас				
52	**«Бірлігі жарасқан – берекелі Ел»** Қазақстанның көпұлтты халқының достығын, ынтымағын дәріптеу мақсатында кездесулер өткізу	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
53	**«Бірлік – елдің қуаты, ұлттың тірегі»** Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін дәріптеу мақсатында кураторлық сағат	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				
54	**«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг»** ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының дәрісі *(алдын алу шаралары)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
55	**«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»** жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар ресурстық орталығының мамандары	4-апта
56	Ақтөбе облысында кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасын орындау	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөдімінің қызметкерлері, кураторлар,әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	4-апта
ҚАҢТАР - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Талап бар жерде тәртіп бар				
57	**«Таза сессия» акциясы** 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу; 2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз» кураторлық сағат; 3. «Жемқорлыққа жол!» студенттерден сауалнама алу *(«Саналы ұрпақ» жобасы аясында)*	Хаттама, әдістемелік әзірлеме, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құзырлы орган қызметкерлері, «Саналы ұрпақ» кеңсенің жетекшісі	1-апта

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тәртіп – тәрбие бастауы				
58	**«Кітап айналымы» акциясы:** буккроссинг бұрышын толықтыру және жаңарту *(«Балалар кітапханасы» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы	2-апта
59	Құқықтану мәселелері бойынша викторина ойыны *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділ заң – аспан тірегі				
60	**«Қауіпсіз интернет»** тақырыптық сағат *(«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
61	**Кураторлық кеңес:** 1. «Буллингтің психологиялық және әлеуметтік аспектілері: Педагогтің рөлі» тақырыбында семинар	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тәртіпсіз ел болмайды				
62	**«Зиянды әдеттер және олардың құқықтық салдары: Таңдау сенікі!»** тақырып аясында жастар арасында зиянды әдеттердің адам денсаулығына, өміріне және заң алдындағы жауапкершілікке қалай әсер ететінін түсіндіру кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
63	Жалпы ата-аналар жиналысы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
64	**Қауіпсіз қоғам** Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі құралдарын таратуға және т.б. байланысты негізгі нормаларын түсіндіру үшін ішкі істер органдарының, прокуратураның өкілдерімен кездесулер өткізу; нәтижесінде адам бас бостандығынан айырылған заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта

	толмағандар туралы бейнероликтерді көрсету *(алдын алу шаралары)*			
АҚПАН - ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
65	**«Қоғамдық мүлікті қорға»** вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау *(«Қоғамдық мүлікті қорға!» алдын алу шаралары аясыгнда)*	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
66	**«Жасампаз студент: Болашаққа бастар жол»** кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Шығармашыл бала – ойлы бала				
67	Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
68	**«Сен және Заң»** дебат *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар,құқықтану пәнінің оқытушысы, өзін - өзі басқару ұйымы	2-апта
69	**«Досыңа кітап сыйла»** челлендж *(«Балалар кітапханасы» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Өнерлі бала өрге жүзер				
70	Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл куратор сағаты	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
71	Аймақтық «World skills» чемпионатының іріктеу кезеңі *(«SMART BALA» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау,жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие, өндірітік жұмысы жөніндегі орынбасары, арнайы пән оқытушылары, өндірістік	3-апта

			оқыту шеберлері	
72	**«Өмірге салауатты қадам»** *жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің (интернет-ресурстары арқылы) таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары* Құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу *(алдын алу шаралары)*	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, әлеуметтік педагог, құқық қорғау органдарының қызметкерлері	3-апта
73	Ақтөбе облысында кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасын орындау	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөлімінің қызметкерлері, кураторлар, әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жаңашылдық – заман талабы				
74	**«Ардагерді ардақтайық»** аула қарын тазалау экочеллендж *(«Қамқор» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау		4-апта
75	**Алғыс айту күніне арналған шаралар:** 1. «Мың алғыс...» кураторлық сағат; 2. «Туған жерім – жүрегімде!» білім алушылардың арасынан түрлі этнос өкілдерінің құттықтау челленджі	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
76	Зиянды әдеттердің *(темекі,есірткі,ішімдік, психтропты зат)* адам ағзасына зияны жөнінде білім алушыларға дәріс оқу жұмыстарын ұйымдастыру	Дәріс	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	Тоқсан сайын
НАУРЫЗ - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің... *(Б.Момышұлы)*				
77	**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясы колледж ауласын тазалау *(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта

78	**«Ана жүрегі – шексіз махаббат»** челлендж *(«Шабыт» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
79	**«Ана – ұлы ұрпақтың бастауы»** аналардың бала тәрбиесіндегі, ұлттық құндылықтарды сіңірудегі рөлін көрсететін тәрбиелік мәнін дәріптеу куратор сағаты	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
80	**«Әлемнің ең әдемі сөзі – Ана!»** аналардың ұлылығы мен ерекшелігін сипаттайтын, сондай-ақ балалық шақтың жылы естеліктерін оятатын музыкалық-поэтикалық кеш	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
81	**«Кітаптар желісімен түсірілген фильмдер»** отандық авторлар шығармаларының виртуалды көрмесі *(«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, видеоматериал, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кітапханашы, кураторлар	2-апта
82	**«Наурызнама» 10 күндік**	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
83	**«Наурызнама» 10 күндік**	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
84	**«Ұлттық сезім»** ұлттық мәдениетті және ұлттық киімді танымал ету флешмобы	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, арнайы пән оқытушылары, кураторлар	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
85	**Ұлттық ойындар: «Ұлы дала ойындары»** *асық ату, тоғызқұмалақ, бес асық сияқты спорттық жарыстар*	Сценарий, Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дене шынықтыру пәнінің оқытушылары	4-апта
86	**Ата-аналарды педагогикалық орталығының дәрісі**	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
СӘУІР - ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні				

Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап *(Абай)*				
87	**«Жастық шақтың жарқын бейнелері»** жайдарман байқауы *(«Шабыт» жобасы аясында)*	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы, өзін-өзі басқару ұйымы	1-апта
88	**«Репродуктивті денсаулық: Болашағыңа жауапкершілікпен қара»** жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу және олардан қорғану жолдары туралы ақпараттық кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
89	Ақтөбе облысында кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасын орындау	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөлімінің қызметкерлері, кураторлар, әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Көп еңбек еткенге бақыт басын *иеді* *(Леонардо да Винчи)*				
90	Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
91	**«Денсаулық фестивалі»** 7 -сәуір күніне арналған спорттық шаралар	Жұмыс жоспары, әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дене шынықтыру пән оқытушылары	2-апта
92	**Дебат: Салауатты өмір салты және репродуктивті**	Әлеуметтік желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы	2-апта

	денсаулық *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында)*	жариялау	жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы, өзін-өзі басқару ұйымы	
93	**«Экостильдегі өмір»** экологиялық сағат *(«Қамқор» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, ЖІЖК	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
94	**«Мамандықтар әлемі»** бейнероликтер, презентациялар байқауы *(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
95	**«Сапта жүру және ән айту»** әскери саптық әндерден іс-шаралар *(«Шабыт» жобасы аясында)*	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары, кураторлар	3-апта
96	**«Өмір, мен сені сүйемін!»** плакаттар, суреттер конкурсы *(алдын алу шаралары)*	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
97	**«Ашық есік» күні** кәсіптік бағдар беру	Анықтама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кәсіптік бағдаршы, барлық оқытушылар	4-апта
98	**«Заң талабы заман талабы»** тақырыбында бірыңғай адалдық сағатын ұйымдастыру #АдалдықсағатыАқтөбе2024	Адалдық сағаты, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
99	**«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне»** арналған «Гүлдене бер, туған жерім!» кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта

МАМЫР - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ **1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
100	**«Ынтымағы жарасқан ел: Қазақстан – ортақ Отан»** кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
101	**«Жас Сарбаз»** әскери-патриоттық ән фестивалі *(«Шабыт» жобасы аясында)*	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі комитет, өзін - өзі басқару ұйымы, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары	1-апта
102	Дін істер басқармасының қызметкерлерімен кездесу (*алдын алу шарасы)*	әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
103	**«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі»** кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
104	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының дәрісі	Жоспар, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог	2-апта
105	**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акция колледж ауласын тазалау *(«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында)*	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек *(Төле би)*				
106	**«Жасампаздық -болашақтың негізі»** кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта

		жариялау		
107	**«Стрессті басқару және эмоционалды интеллект»** тақырыбында емтихан кезіндегі стрессті жеңу жолдары, эмоцияларды тану және басқару, позитивті ойлауды қалыптастыру тренинг	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог	3-апта
108	**«Адалдық – білімге бастар жол»:** академиялық адалдықтың (көшірмеу, плагиат жасамау, пара бермеу) студенттің болашақ маман ретіндегі беделіне қалай әсер ететінін талқылау.	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, «Саналы ұрпақ»клубы	
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп *(Күлтегін)*				
109	**«Тарихтан тағылым – болашаққа бағдар»:** репрессия жылдарындағы қасіреттің қайталанбауы үшін халықтың бірлігі мен тәуелсіздіктің маңызын түсіндіруге арналған куратор сағаты	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
110	**«Тәртіп - тән үшін, ынтымақ – жан үшін керек»** жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесуж	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог, жастар ресурстық орталығының мамандары	4-апта
111	**«Менің сүйікті кітабым»** Кітапхана квилті: жыл қорытындысын шығару	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы, қазақ және орыс тілі пәндерінің оқытушылары	4-апта
МАУСЫМ - ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ **1 маусым** – Балаларды қорғау күні **4 маусым**- Рәміздер күні **26 маусым** – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік				
112	**«Рәміздерім – айбыным, тірегім!» тақырыбында** Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның қалыптасу тарихы, олардың авторлары және әрбір элементінің (түсі, бейнесі, сөзі) терең мағынасы туралы танымдық кураторлық сағаттар	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог	1-апта

113	Зиянды әдеттердің *(темекі,есірткі,ішімдік, психтропты зат)* адам ағзасына зияны жөнінде білім алушыларға дәріс оқу жұмыстарын ұйымдастыру	Дәріс	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог	Тоқсан сайын
114	Ақтөбе облысында кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасын орындау *(алдын алу шарасы)*	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие бөлімінің қызметкерлері, кураторлар, әдіскер, педагогикалық-инженерлік кадрлар	1-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары				
115	**«Таза сессия» акция,** **«Мен таза сессияны таңдаймын!» дөңгелек үстел** білім алушыларды адал білім алуға шақыратын және олардың академиялық адалдық принциптерін ұстануға деген ұмтылысын арттыруға арналған шаралар	Хаттама, әдістемелік әзірлеме, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құзырлы орган қызметкерлері, «Саналы ұрпақ» кеңсенің жетекшісі	2-апта
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жасампаз халық болуымыз қажет *(Қ.К.Тоқаев)*				
116	26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай **«Нашақорлық маған жат!» тақырыбында** құқық қорғау органы қызметкерлерімен, нарколог-дәрігерлермен кездесу *(алдын алу шаралары «Өмірге салауатты қадам»)*	Хаттама, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дәрігер-нарколог, жергілікті құзыретті орган өкілдері	4-апта
117	Оқу жылының қорытындысын шығару: белсенділер мен жеңімпаздарды марапаттау	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, кураторлар	4-апта